

К.С. Игембаева

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: Igembaeva.K_1981@mail.ru)*

Ерлі-зайыптылар арасындағы қақтығыстардың психологиялық негіздерін зерттеу

Отбасы отанымыздың ошағы, баланы тұлға ретінде қалыптастыратын ең басты ұжым болып табылады. Отбасындағы әлеуметтік-психологиялық атмосфера ерлі-зайыптылардың арасындағы өзара түсіністік пен қақтығыстардың орын алмауына байланысты болып табылады. Қазіргі таңда ерлі-зайыптылар арасындағы қақтығыстардың психологиялық негіздерін толық зерттеген ақпараттар жеткіліксіз. Мақалада отбасының қызметі мен маңыздылығы жайлы айтылған. Ерлі-зайыптылар арасындағы қақтығыстық жағдайлардың ерекшеліктері зерттелген. Зерттеу барысында ер және әйел адамдарға психологиялық арнайы әдістер жүргізілген. Ерлі-зайыптылардың темперамент типтеріне жекеленген психологиялық талдау жасалған. Сонымен қатар ер және әйел адамдардың қақтығыстық жағдайда ұстанатын жүріс-тұрыстық стратегияларының түрлері анықталған. Зерттеу нәтижелерінің негізінде, ер және әйел адамдардың арасындағы қақтығыстардың орын алуы мен жалғастығы, ең алдымен, олардың темперамент ерекшеліктерімен байланысты екендігі анықталған. Зерттеу нәтижелері отбасы психологиясымен айналысатын мамандарға, психологиялық кеңестер беру кезінде туындайтын кейбір сұрақтарға практикалық жауап болып табылады.

Кілт сөздер: отбасы, ерлі-зайыптылар, қақтығыс, қақтығыстық жағдай, темперамент, жүріс-тұрыс, жүріс-тұрыстық стратегия, темперамент типтері, ер адам, әйел адам, К.Томас әдісі.

Отбасы — бұл ежелден қалыптасқан қоғамның әлеуметтік құрылымының негізгі элементтерінің бірі. Отбасы ерлі-зайыптылардың арасындағы, ата-ана мен балалар арасындағы, басқа да туыстық қарым-қатынастарды негіздей отырып, қоғам және мемлекетпен тығыз байланыста болады. Отбасы белгілі бір әлеуметтік нормалар, мінез-құлық, жүріс-тұрыс, құқық және міндеттер үлгілерімен, ерлі-зайыптылар, ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынастарды реттеушілікпен сипатталатын әлеуметтік институт болып табылады [1; 24].

Бұл мақалада біз отбасындағы ерлі-зайыптылардың қақтығыстық жағдайда ұстанатын стратегиясы мен темперамент типтерін психологиялық арнайы әдістердің көмегімен анықтадық.

Қазақстан Республикасының Президентінің халыққа жолдаған Жолдауында халқымызды салауатты өмір салтына қалыптастыруға және, ең алдымен, адамдардың ойлау жүйесін өзгертуге көп көңіл бөлген. Әйел адам барлық уақытта да отбасын қорғаушысы, барлық бала-шағасының және үй ішінің сақтаушысы болған. Отбасы өмірінің, отбасы дәстүрі мен нормаларының стилін қалыптастыратын әйел. Балалар үшін ең басты қорғаныш отбасы болуы тиіс, мұнда балалар өздеріне қажетті жылулық, мейірімділік, ықылас алады, мұнда болашақ ұрпақты тәрбиелейтін қыз балаларды тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлінуі қажет. Ұл баланы тәрбиелей отырып, біз жеке тұлғаны, ал қыз баланы тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейтіміз белгілі. Осыған орай, біздің тақырыбымыздың өзектілігі отбасындағы ерлі-зайыптылардың кез келген қиын жағдайдан, әсіресе қақтығыстық жағдайлардан жетістікпен, өзара түсіністікпен шығуы, біздің тақырыбымыздың өзектілігін анықтайды. Себебі отбасы шағын мемлекет болғандықтан, оның беріктігі тікелей дамуын анықтайды.


Отбасы ол, ең алдымен, әлеуметтік институт ретінде шыға отырып, өзінің отбасы мүшелеріне ерлі-зайыптылар, ең әуелі экономикалық, әлеуметтік, дене қауіпсіздігін, балаларды әлеуметтендіру үшін жағдай жасайды, ең бастысы — өзінің мүшелерін тек отбасында алуға болатын сүйіспеншілік, парыз, сезімдік қолдау, өмірдің қуанышы мен қиындығында бірлік сезімдеріне біріктіреді [2; 76].

Ежелгі дәуірлерден бастап зерттеушілер адамдардың дене құрылымы және физиологиялық қызметінің ерекшеліктерімен сай келетін көп түрлі әрекет қылықтарды тастап, ретке келтіруге атсалысты. Осыған орай темпераменттің көп түрлі типологиясы қалыптасты. Адамның қай мазмұнда болмасын өз іс-әрекетін жүзеге келтіруі тікелей темпераментке байланысты. Темперамент психикалық процестердің желісінде көріне отырып, еске түсіру, қабылдағанды бекіту жылдамдығына ықпалын тигізеді, ой жүйріктігі мен зейін тұрақтылығын және оның ауыспалығын айқындап береді [3; 32].

Осы мәселелерді өзара байланыстырып, зерттеу мақсатында 2 кезеңнен тұратын эксперименталдық жұмысты ұйымдастырдық.

Қақтығыстық жағдайларда жүріс-тұрыс стратегияларымен отбасындағы ерлі-зайыптылардың темперамент типтерін анықтау мақсатында отау құрғандарына 5 жылдан артық, жас аралығы 35–45 дейінгі 15 жұп сыналушылар ретінде алынды. Зерттеуіміздің бірінші кезеңінде К.Томастың «Қақтығыс жағдайдағы жүріс-тұрыс стратегиясын» анықтауға арналған әдістемесін қолдандық [4; 26].

К.Томастың тұлғаның қақтығыстық жағдайда ұстанатын жүріс-тұрыстың стратегиясын анықтау мақсатында жүргізілген, әдістеменің нәтижелерін кілтке және математикалық статистикалық өңдеуге байланысты талдадық. Соның негізінде отбасындағы ерлі-зайыптылардың қақтығыстық жағдайларда ұстанатын жүріс-тұрыстық стратегиялық орташа мәндік көрсеткіштерін пайызға айналдырып суреттерде көрсеттік (1-сур.).




1-сурет. Ер адамдардың қақтығыстық жағдайларда қолданатын жүріс-тұрыстық стратегияларының орташа көрсеткіштері

Әдістемеге сәйкес қақтығыстық жағдайда қолданылатын жүріс-тұрыстық стратегияның 5 типі анықталды. Олар: бәсекелестік, бейімделу, келісімге келу, қашу және бірлесу. Ер адамдардың нәтижелеріне тоқталатын болсақ, барлық жүріс-тұрыстық стратегиялар кездесетінін байқаймыз. Нақтырақ айтқанда, 5 жүріс-тұрыстық тактиканың ішінде ер адамдар «бәсекелестік» стратегиясын жиі қолданады екен, яғни ол 23 % тең. Әдістемеге сәйкес ер адамдардың отбасындағы туындаған қақтығыстық жағдайда бәсекелестік стратегиясы өзінің ойын, көзқарасын, шешімін әйел адамға қарағанда дұрыс деп санауын және басқаның ойын негізге алмай, өз мүддесін, қызығушылықтарын қанағаттандыруға деген ниеттің басым болуын білдіреді. Ал «бірлесу» стратегиясы бойынша ер адамдар көрсеткіші 22 % тең болды. Дәлірек тоқталсақ, отбасындағы қақтығыстық жағдайда ер адамдар бірлесе отырып, шешім қабылдауға деген ниеттерінің де бар екендігін көруге болады. Келесі «келісімге келу» стратегиясы 21 %-ға тең. Нақтырақ айтқанда, отбасылық қақтығыстарға ер адамдар бұл стратегияға сәйкес әйел адамдардың да және өзінің де қызығушылығы мен мүдделерін негізге ала отырып, қақтығысты шешуге тырысатынын көреміз. Бұл стратегияға сәйкес, екі жақтың да біреуі де аса ұтпайды, сонымен қатар қақтығыстық жағдайда ұтылмайтынын білдіреді. Барлық стратегияның ішінде келісімге келу тактикасы конструктивті тәсіл болып табылады. Ал «бейімделу» стратегиясы 17 %-ға тең. Бейімделу стратегиясы басқа көрсеткіштермен салыстырғанда төмен болғанымен отбасындағы қақтығысты шешу барысында кейбір жағдайларда ер адамның қолданылатын көреміз. Ол дегеніміз, бұл стратегия қақтығыстық жағдайларда өзінің қызығушылықтары мен мүдделерін құрбан ете отырып, басқа адамның, яғни әйел адамдардың, қызығушылықтары мен көзқарастарын көбірек ескеретіндігін немесе алғашқы орынға қоятынын байқаймыз. Ал «қашу» стратегиясы 17 %-ды құрайды. Бұл тактикада ер адамдар басқаларымен салыстырғанда кейбір жағдайларда қолданылатын көреміз. Бұл стратегия қақтығыстық жағдайларда өзінің мақсатына қолжеткізуге деген талпыныстың жоқтығын, сонымен қатар адамның тарапынан біріккен іс-әрекеттің құлшыныстың болғанын білдіреді. Отбасындағы қақтығыстық жағдайда ер адамның тарапының бұл тактиканың қолданылуы қақтығыстық жағдайды шешуден бастартуын білдіреді.

К.Томастың әдістемесін отбасындағы ер адамдардың барлық 5 тактиканы күнделікті өмірде қолданатынын анықтадық. Осыған сәйкес қақтығыстық жағдайларда ер адамдар бәсекелестік және

бірлесу стратегиясын басқалармен салыстырғанда жиі қолданатынын көзіміз жетті. Дегенменде отбасындағы қақтығыстың күрделілігіне байланысты, келісімге келуге деген талпыныстың да бар екендігін байқадық, бұл ерлердің бойында қақтығысты конструктивті тәсілмен шешуге деген ниеттерінің бар екендігінің дәлелі. Ал қақтығыстық жағдайда ер адамдардың бойында бейімделу және қашу стратегиясы басқа көрсеткіштерімен салыстарғанда аз да болса төмен деңгейде екенін анықтадық, осыған орай ер адамдар қақтығыстық жағдайларда біріккен іс-әрекетке және басқаның қызығушылығын ескере бермейтінін байқадық.

Бұл әдістің негізінде отбасының қақтығыстық жағдайда ең әуелі өзінің қызығушылықтары мен мүдделерін көздейтіндігі анықталды. Отбасы қақтығыстық жағдайда ер адамдар барлық 5 стратегияны әрқайсысын қолданылатындығы, ол туындаған конфликтілік жағдайдың күрделілігіне немесе себебіне байланысты болуы мүмкін деп ойлаймыз. Ер адамдар тарапынан қақтығыстық жағдайды шешуге қолданатын тактика тұлғаның темперамент типіне байланысты болуы мүмкін. Осы әдістемеге сәйкес әйел адамдардың көрсеткіштерінің орташа балдық көрсеткіштерін пайызға айналдырып сурет түрінде көрсеттік (2-сур.).



2-сурет. Әйел адамдардың қақтығыстық жағдайларда қолданатын жүріс-тұрыстық стратегияларының орташа көрсеткіштері


Әдістемеге сәйкес, әйел адамдардың нәтижелеріне тоқталатын болсақ, барлық жүріс-тұрыстық стратегиялар кездесетінін байқаймыз. 5 жүріс-тұрыстық тактиканың ішінде әйел адамдар «бейімделу» стратегиясын 23 %-ға басым болып тұр, яғни осы стратегия жиі қолданысқа ие дегенді білдіреді. Ал әдістемеге сәйкес, отбасындағы туындаған қақтығыстық жағдайда әйел адамдар үшін «бейімделу» стратегиясы үлкен сипатқа ие, яғни, ер адамдар секілді әйел адамдар үшін де белгілі дәрежеде жақсы қатынастарды сақтап қалу маңызды болып келеді.

«Бірлесу» стратегиясы бойынша әйел адамдар көрсеткіші 21 %-ға тең болды. Дәлірек тоқталсақ, отбасындағы қақтығыстық жағдайда әйел адамдар бірлесе отырып, шешім қабылдауға деген ниеттерінің де бар екендігін көруге болады, яғни әйелдер де ер адамдар секілді отбасында жағымды қатынысты сақтап қалу мақсаты мен ұмтылыстарының барын көреміз. «Келісімге келу» стратегиясы 21%-ға тең, яғни отбасындағы қақтығыстарды әйел адамдар осы стратегияға сәйкес ойларын, қызығушылықтарын, көзқарастарын негізге ала отырып, қақтығысты шешуге тырысатынын байқаймыз, әрбір мәселені ой таразысынан өткізетінін көреміз. «Бәсекелестік» стратегиясы 16%-ға тең болды. Бәсекелестік стратегиясы отбасылық қақтығыс жағдайында аса жиі қолданылмайтындығын байқадық. Дәлірек айтқанда, әйел адамдарға бұл стратегияны қолдану қиынырақ болса да, басқаның мүддесін мойындау керек дегенді түсініп, өз мүдделеріні шеттетеді, қақтығысты төмендету мақсатында елеулі күш салуға дайындығы анықталады. «Қашу» стратегиясы 19%-ды құрайды. Мұндай стратегияны әйел адамдардың басқаларымен салыстырғанда кейбір жағдайларда қолданылатын көреміз. Бұл стратегия қақтығыстық жағдайларда өзінің мақсатына қолжеткізуге деген талпыныстың жоқтығын, сонымен қатар адамның тарапынан біріккен іс-әрекеттің құлшыныстың болғанын білдіреді. Отбасындағы қақтығыстық жағдайда әйелдердің тарапының бұл тәсілді қолдануы қақтығыстық жағдайды шешуден бастартуын білдіреді.

Қорытындылай келе, отбасылық қақтығыстарда әйел адамдар да ер адам тәрізді барлық 5 стратегияны күнделікті өмірде қолданатынын анықтадық. Жалпы алғанда, отбасылық қақтығыстық жағдайларда әйел адамдар бейімделу және бірлесу стратегиясын басқалармен салыстырғанда жиі

қолданатынын көрдік. Осыған сәйкес, отбасындағы қақтығысты, әйел адамның шыдаммен, төзіммен шешетінін, қақтығыстарға бейімделе отыратынын, оны бірлесе шешуге деген талпыныстың бар екендігін байқадық. Ал қақтығыстық жағдайда әйелдердің бойында бәсекелестік және қашу стратегиясы басқа көрсеткіштерімен салыстарғанда аз болса да, төмен деңгейде екенін көрдік, осыған орай әйелдердің қақтығыстық жағдайларда біріккен іс-әрекетке және ерінің көзқарасын, ойын, мүддесін, оның қызығушылығын ескеріп оған бейімделе алатынын байқаймыз, яғни осы зерттеуден өз аналарымыздың кескінін байқаймыз, бұл ұлт және менталитет көрінісі болып табылады.

Зерттеудің 2 кезеңінде сыналушыларға Г.Айзенктің экстраверт-интроверт және нейротизмді зерттеуге арналған әдістеме жүргіздік. Әдістемені жүргізудегі біздің мақсатымыз отбасындағы ерлі-зайыптылардың темперамент типін анықтау болып табылады. Әдістеменің негізінде сыналушының барлық жауаптарын экстраверсия-интроверсия және нейротизм шкалалары арқылы темпераменттің 4 типін анықтадық. Осыған орай әйел адамның орташа көрсеткіштерін диаграммаға салдық (3-сур.).



3-сурет. Әйел адамның Айзенк әдістемесі бойынша темперамент типтерінің орташа көрсеткіштері


Сыналушылардың басым көпшілігі, яғни 36 %, *сангвиник-интроверт* темперамент типіне жататыны анықталды. Бұл көрсеткіш әйел адамдардың ашық-жарқын мінезін, қарым-қатынасшылдығын, өмірге құштарлығын, бірақ кейбір жағдайда қоршаған ортадан гөрі барлық белсенділігі өзінің ішкі әлемі бағытталуына көзіміз жетті. Зерттеуге сәйкес бұл темперамент типі қақтығыстық жағдайларда қарым-қатынастары төмендеп, адам іштей тұйықталады. Сыналушылардың келесі 36 %-ы *холерик-экстраверт* темперамент типіне жататынын анықтадық. Әдістемеге сәйкес қоршаған ортада қозғыш, ұстамсыз, ашушаң, кез келген эмоцияны ашық түрде көрсететін, әрқашан белсенді, көңіл-күйі тұрақсыз екенін көреміз. Ал сыналушы әйел адамдардың 9 % *сангвиник-экстраверт* типіне жатады. Мұндай адамды сипаттап кетсек, барлық іс-әрекеті, сөзі, ашық, қарым-қатынасқа оңай түседі, көңілді, белсенді қоршаған ортаға толығымен бағытталған адамдар. Келесі сыналушылардың аз да болса да 9 % *флегматик-интроверт* темперамент типінде кездеседі. Флегматик-интроверттің мінездемесіне келетін болсақ, оның іс-әрекеті байсалды, ойшыл, іскер, ұстамды, қарым-қатынасқа жайлы, ұзақ уақытқа созылған қолайсыз жағдайда көңіл-күйін, бірқалыпты сақтайтынын байқаймыз. Сыналушылардың 9 % *меланхолик-экстраверт* темперамент типі бар. Мұндай типті сипаттайтын болсақ, ол тұрақсыз адам, мазасыздануы күшті, пессимист, сыртқы көрінісі бойынша сабырлы, бірақ эмоциясы терең, оған ұзақ уақыт бөленіп жүреді, ойшыл, интеллектуал, стресс жағдайында ішкі кернеуі күшейеді, депрессияға ұшырап, денсаулығы, жұмысқа қабілеті төмендейді.

Қорытындылай келе, әйел адамның әдістемеге сәйкес басым көпшілігі холерик және сангвиник темперамент типіне жатады. Зерттеуге байланысты әйел адамның қақтығыстық жағдайда барлық іс-әрекеті мен эмоционалдық өрісі тікелей қоршаған ортаға бағытталады деуге болады. Себебі психологиялық тұрғыда жүйке-жүйесінің күштілігімен сипатталады.

Нақтырақ айтсақ, қақтығыстық жағдайда әйел адамның басым көпшілігі өздерінің жұптарымен қақтығысқа түскенде, эмоциясы мен әрекетіне ерік береді, бірақ қақтығыстық жағдайдың күрделілігіне байланысты кейбір жағдайларда өз эмоциясын, тежеу кездері де болады [5; 75].

Әдістемені ер адамдарға да жүргізіп, нәтижелерін диаграммаға салдық (4-сур.).

Зерттеу нәтижесі ер адамдардың жауаптарының негізінде басым көпшілігі, яғни сыналушылардың 27 %-ы, *сангвиник-экстраверт* темперамент типіне жататыны анықталды. Бұл көрсеткіштегі тұлғаны сипаттап кетсек, тұрақты адам, әлеуметтендірілген, сыртқы дүниеге бағытталған, ашық-жарқын, қарым-қатынасқа құмар, уайымсыз, көңілді, басшылыққа құмар болып келеді. Зерттеуге сәйкес бұл темперамент типі қақтығыстық жағдайларды көбінесе өзі ушықтырады, қақтығысқа қолайлы жағдай туғызады.



4-сурет. Ер адамның Айзенк әдістемесі бойынша темперамент типтерінің орташа көрсеткіштері

Сыналушылардың тағы да басым көпшілігі (27%) *холерик-экстраверт* темперамент типіне жататынын анықтадық. Әдістемеге сәйкес қоршаған ортада қозғыш, ұстамсыз, ашушаң, кез келген эмоцияны ашық түрде көрсететін, әрқашан белсенді, көңіл-күйі тұрақсыз екенін көреміз.

Ал сыналушы ер адамдардың 18 %-ы *меланхолик-экстраверт* типіне жатады. Мұндай адамдар: тұрақсыз, мазасыздануы күшті, пессимист, сыртқы көрінісі бойынша сабырлы, бірақ эмоциясы терең, оған ұзақ уақыт бөленіп жүреді, ойшыл, қақтығыс жағдайында ішкі кернеуі күшейеді.

Келесі сыналушылардың 18 %-ы *флегматик-интроверт* темперамент типінде кездеседі. Флегматик-интроверттің мінездемесіне келетін болсақ, оның іс-әрекеті байсалды, ойшыл, іскер, ұстамды, қарым-қатынасқа жайлы, ұзақ уақытқа созылған қолайсыз немесе қақтығыс жағдайда көңіл-күйін бірқалыпты сақтайтынын байқаймыз.

Сыналушылардың 9 %-ы *меланхолик-интроверт* темперамент типіне жатады. Мұндай типті сипаттайтын болсақ, ол тұрақсыз адам, мазасыз, пессимист, сыртқы көрінісі бойынша сабырлы, бірақ эмоциясы терең, оған ұзақ уақыт бөленіп жүреді.

Қорытындылай келе айтарымыз, ер адамның әдістемеге сәйкес басым көпшілігі холерик және сангвиник темперамент типтеріне жатады. Зерттеуге байланысты ер адамның қақтығыстық жағдайда барлық іс-әрекеті мен эмоционалдық өрісі тікелей қоршаған бағытталады деуге болады. Нақтырақ айтсақ, қақтығыстық жағдайда ер адамдардың басым көпшілігі өздерінің жұптарымен қақтығысқа түскенде, эмоциясы мен әрекетіне ерік береді, қақтығыстық жағдайдың болуына қолайлы жағдай туғызады [6; 68].

Қорытындылай келе, ер адамдар мен әйел адамдардың жүріс-тұрыстық стратегиялары мен темперамент типтерінің арасында айырмашылықтың және де ұқсастықтың да, бар екеніне көзіміз жетті. Нақтырақ айтқанда, отбасындағы ер адамдар қақтығыс жағдай туындағанда тікелей, ең алдымен, өз қызығушылықтарын қанағаттандыруға бағытталуы олардың холерик және сангвиник темперамент типтеріне жататындығына байланысты деп ойлаймыз. Себебі бұл тип өкілдері жүйке-жүйесінің күштілігімен, мінездің ашықтығымен сипатталады. Сол себепті ер адамдар отбасылық қақтығыс жағдайда бәсекелестік және бірлесу стратегияларын өз мақсатына сай қолданады. Әйел адамдардың қақтығыстық жағдай туындағанда, оның сипатына байланысты кейбір жағдайларда тікелей өз қызығушылықтарын қанағаттандыруға бағытталса, ал кейбір кезде қарсылас жағдайында, яғни ер адамдардың қызығушылықтары мен ниеттерін қанағаттандыруға бағытталуы, олардың холерик және сангвиник темперамент типтеріне жататындығына байланысты болуы мүмкін. Дәлірек айтсақ, әйел адамдардың бірлесу стратегиясы қақтығыстық жағдайында қолдануына басым көпшілігіне холерик темперамент типіне жататындығын білдіреді. Ал кейбір қақтығыс жағдайларда бейімделуі сангвиник темпераментіне, оның ішінде интроверт типіне жататындығына байланысты деп санаймыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Эйдемиллер Э.Г., Юстицкий В.В. Семейная психотерапия. — Л.: Владос, 1990. — 124 с.
- 2 Дружинин В.Н. Психология семьи. — М.: КСП, 1996. — 276 с.
- 3 Фетискин Н.П., Козлов Г.М., Мануйлов Г.М. Социально-психологическая диагностика развития личности и малых групп. — М.: Пресс, 2010. — 392 с.
- 4 Гуревич К.М. Психологическая диагностика. — М.: Пресс, 2001. — 295 с.
- 5 Вилюнас В.К. Психология эмоциональных явлений. — М.: Просвещение, 1976. — 175 с.
- 6 Бурлачук Л.Ф., Коржова Е.Ю. Психология жизненных ситуаций. — М.: Просвещение, 1998. — 368 с.

К.С. Игембаева

Исследование психологических основ конфликтов между супругами

Семья — это ячейка общества, важнейшая форма организации личного быта, основанная на супружеском союзе и родственных связях. Через семью сменяются поколения людей, в ней человек рождается, через нее продолжается род. Социально-психологическая атмосфера в семье зависит от взаимопонимания между супругами и от частоты случаев непонимания в семье. В настоящее время недостаточно информации, посвященной изучению психологических основ конфликтов между супругами. В статье подробно рассмотрены возможные конфликтные семейные ситуации. Приведено их исследование, в процессе которого применялись специальные психологические методики. Автор приводит психологический анализ типов темперамента супругов. Выявлены также поведенческие стратегии в конфликтной ситуации у мужчин и женщин. На основе полученных результатов выделены типы темпераментов мужчин и женщин, которые влияют на ссоры в семье. Полученные экспериментальные данные могут использоваться семейными психологами, в процессе психологической консультации, в качестве практических ответов.

Ключевые слова: семья, супруги, конфликт, конфликтная ситуация, темперамент, поведение, поведенческая стратегия, типы темперамента, мужчина, женщина, методика К.Томаса.

K.S. Igembaeva

Study of psych reasons of origin conflicts between the married couple

The family is a cell of society, the most important form of the organization of personal life based on the matrimonial union and family relations. Through a family generations of people are replaced, in it the person is born, through it the kind proceeds. The social and psychological atmosphere in a family depends on mutual understanding between spouses and on the frequency of the conflicts. Now insufficiently complete information, psychological bases of the conflicts devoted to a study between spouses. In article the conflict situation between spouses in a family explicitly is considered. The conflict situation research between spouses was given in this article. In the course of the research on men and women applied special psychological techniques. The author provides the psychological analysis of types of temperament of spouses. And also behavioral strategy in a conflict situation at men and women are revealed. On the basis of the received results, types of temperaments of men and women which influence conflict situations in a family are revealed. The obtained experimental data can be used, family psychologists, in the course of psychological consultation as practical responses.

Keywords: family, spouses, conflict, conflict situation, temperament, behavior, behavioral strategy, temperament types, man, woman, K. Thomas's technique.

References

- 1 Ehjdemiller E.G., Yustitskiy V.V. *Domestic psychology*, Leningrad: Vlados, 1990, 124 p.
- 2 Druzhinin V.N. *Psychology of family*, Moscow: KSP, 1996, 276 p.
- 3 Fetiskin N.P., Kozlov G.M., Manuilov G.M. *Psychological diagnostics of development of personality and small group*, Moscow: Press, 2010, 392 p.
- 4 Gurevich K.M. *Psychological diagnostic*, Moscow: Press, 2001, 295 p.
- 5 Vilyunas V.K. *Psychology of the emotional phenomena*, Moscow: Prosveshchenie, 1976, 175 p.
- 6 Burlachuk L.F., Korzhova E.Yu. *Psychology of vital situations*, Moscow: Prosveshchenie, 1998, 368 p.